

А. Оралбек^{*1}, Ұ. Сайдырахман^{}**

¹М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы журналистика мәселелерін зерттеу институты, Астана, Қазақстан

E-mail: ¹ora-10@mail.ru, ²ushkyn 86@gmail.com

ORCID: ¹10000-0002-0600-7006, ²0000-0002-3637-8908

ЖАРАПАЗАН ЖАНРЫНЫҢ ПОСТФОЛЬКЛОРДАҒЫ БЕЙІМДЕЛУІ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа. Бұл мақалада фольклорлық шағын жанрлардың, оның ішінде жарапазанның интернеттегі өзгерістері мен қазіргі қоғамдағы маңызы кеңінен қарастырылады. Жарапазанның тарихы мен эволюциясы, оның қазіргі заманға бейімделуі ерекше зерттеу нысаны болып табылады. Әуелде магиялық қызмет атқарған жарапазан қазақ қоғамында құт-ырыздық тілеу мен қырсықтан аластату мақсатында айтылған болатын. Бұл жанрдың мәтіндерінде алғыс пен қарғыс жиі кездеседі, мысалы, дәулет тілеу мен теріс энергиядан қорғану үшін айтылатын сөздер. Жарапазанның түрікмен және басқа түркі халықтарымен ортақ болуы да оның исламға дейінгі мәдениеттің бір бөлігі болғанын көрсетеді. Қазіргі уақытта, жарапазанның контексті интернет пен әлеуметтік желілерде кеңінен таралып, жаңаша форматта ұсынылуда. Заманауи технологиялармен үйлесім тауып, ол жаңа медиа, бейнемазмұн мен музыкалық өңдеулер арқылы жаңа аудиторияға жетуде. Постфольклорлық жарапазан жанрының элементтері қазіргі әлеуметтік мәселелерді көтеріп, поп-музыка мен электронды стильдермен бірігіп орындалады. Сонымен қатар, жарапазанның мәтіндері қазіргі қоғамның тілдік ерекшеліктеріне бейімделіп, жаңа платформа арқылы жаңғыртылуда. Қазіргі кезеңде жарапазанның жаңартылуы халықтық мәдениетті сақтап, оны заманауи қоғамның мәдени нормаларына сәйкестендіруді көрсетеді. Ауыздан ауызға таралатын дәстүрлі фольклордың интернеттің дамуы арқылы жаңа формада таралуы, оның жаңаша мазмұнмен толықтырылуы туралы терең талдау жасалады. Фольклорлық шығармалар мен жанрлардың, оның ішінде жарапазанның, қоғам өміріндегі рөлі және ұлттық мәдениетке тигізер әсері зерттеледі. Жарапазанның тарихы мен мәні, оның қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде алатын орны ерекше атап өтіледі. Сонымен қатар, бұл жанрдың интернет арқылы таралуы мен жаңару процесі, заманауи медиа мен цифрлық платформалар арқылы жарапазанның қайта жаңғыруы кеңінен қарастырылады. Мақалада жарапазандардың мәтіні мен орындау ережелерінің өзгеруі, жаңа медиа құралдары арқылы осы дәстүрдің қалай дамып жатқаны, сондай-ақ ұлттық мәдени мұраның цифрлық кеңістікте сақталуы мен насихатталуы мәселелері сарапталады. Жаңа ақпараттық технологиялар мен интернет ресурстарының фольклор жанрларын жаңғыртудағы рөлі, оның ұлттық мәдениеттің үздіксіз сақталуына және таралуына қосар үлесі сөз болады.

Алғыс: Мақала «Қазақстан әдебиеттануы мен өнертануы әлемдік гуманитарлық білімнің тұжырымдамалық эволюциясы аясында» (BR21882298) жобасы аясында дайындалып, қаржыландырылды.

Кілт сөздер: постфольклор, фольклор, интернет, жарапазан, трансформация, жанр.

А. Оралбек^{*1}, Ұ. Сайдырахман^{}**

¹Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан

²Научно-исследовательский институт журналистики Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

E-mail: ¹ora-10@mail.ru, ²ushkyn 86@gmail.com

ORCID: ¹10000-0002-0600-7006, ²0000-0002-3637-8908

Адаптация жанра джарапазан в постфольклоре и роль в коммуникации

Аннотация. В статье всесторонне рассматриваются изменения в фольклорных жанрах, в том числе трансформация жанра жарапазан в интернете и его значение в современном обществе.

Объектом исследования являются история и эволюция жарапазана, а также адаптация данного жанра в современном обществе. Изначально жарапазан служил в качестве обряда, имеющего магическую функцию и исполнялся в казахском обществе для выражения добрых пожеланий и отведения несчастья от человека. В текстах этого жанра часто встречаются слова благодарности и проклятия, например, слова, произносимые для пожелания богатства и защиты от негативной энергии. Казахский жарапазан имеет общие черты с туркменским жарапазаном, имеет сходства с данным жанром других тюркских народов, что свидетельствует о его принадлежности к доисламской культуре. В настоящее время контекст жарапазана широко распространяется в интернете и социальных сетях и представлен в новом формате. В созвучии с современными технологиями, он охватывает новую аудиторию через современные медиа, видеоконтенты и музыкальные аранжировки. Элементы постфольклора жарапазан сочетаются с поп-музыкой и электронными стилями, поднимая современные социальные темы. Кроме того, тексты жарапазан адаптируются к языковым особенностям современного общества и обновляются через новую платформу. Модернизация жанра жарапазан в современный период отражает тенденцию сохранения этнической культуры и ее адаптацию к культурным нормам современного общества. Данная статья посвящена углубленному анализу распространения традиционного фольклорного жанра жарапазан, передающегося из уст в уста в новой форме и с новым содержанием, в связи с развитием сети интернет. Изучается роль фольклорных произведений и жанров, в том числе джарапазан, в общественной жизни и их влияние на национальную культуру. Кроме того, будет исследован процесс распространения и обновления данного жанра через интернет, а также феномен возрождения жанра посредством современных медиа и цифровых платформ. В статье исследуются изменения в тексте жарапазана и в правилах его исполнения. Статья анализирует каким образом традиция жарапазана развивается посредством новых медиа, а также рассматривает вопросы сохранения и популяризации национального культурного наследия в цифровом пространстве. Авторы статьи исследуют роль новых информационных технологий и интернет-ресурсов в возрождении фольклорных жанров, их вклад в непрерывное сохранение и распространение национальной культуры.

Благодарность: Статья подготовлена и профинансирована в рамках проекта «Литературоведение и искусствоведение Казахстана в контексте концептуальной эволюции мирового гуманитарного знания» (BR21882298).

Ключевые слова: постфольклор, фольклор, интернет, жарапазан, трансформация, жанр.

A. Oralbek^{1*}, U. Saidirakhman²

¹M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty Kazakhstan

²Research institute of journalism at the Eurasian National University named after L.N. Gumilev, Astana, Kazakhstan

E-mail: ¹ora-10@mail.ru, ²ushkyn 86@gmail.com

ORCID: ¹10000-0002-0600-7006, ²0000-0002-3637-8908

Adaptation of the Jarapazan Genre in Post-Folklore and its Role in Communication

Abstract. The article comprehensively examines changes in folklore genres, including the transformation of the zharapazan genre on the Internet and its significance in modern society. The object of the study is the history and evolution of zharapazan, as well as the adaptation of this genre in modern society. Initially, zharapazan served as a ritual with a magical function and was performed in Kazakh society to express good wishes and ward off misfortune from a person. The texts of this genre often contain words of gratitude and curses, for example, words pronounced to wish for wealth and protection from negative energy. Kazakh zharapazan has common features with Turkmen zharapazan, has similarities with this genre of other Turkic peoples, which indicates its belonging to the pre-Islamic culture. Currently, the context of zharapazan is widely distributed on the Internet and social networks and is presented in a new format. In tune with modern technology, it reaches new audiences through modern media, video content and musical arrangements. The elements of post-folklore jarapazan are combined with pop music and electronic styles, raising contemporary social issues. In addition, the lyrics of jarapazan are adapted to the linguistic features of modern society and updated through a new platform. The modernization of the jarapazan genre in the modern period reflects the tendency to preserve ethnic culture and

adapt it to the cultural norms of modern society. This article is devoted to an in-depth analysis of the spread of the traditional folklore genre jarapazan, passed from mouth to mouth in a new form and with new content, in connection with the development of the Internet. The role of folklore works and genres, including jarapazan, in public life and their influence on national culture are studied. In addition, the process of dissemination and renewal of this genre via the Internet, as well as the phenomenon of the revival of the genre through modern media and digital platforms will be studied. The article examines changes in the text of jarapazan and in the rules of its performance. The article analyzes how the tradition of jarapazan develops through new media, and also considers the issues of preserving and popularizing national cultural heritage in the digital space. The authors of the article explore the role of new information technologies and Internet resources in the revival of folklore genres, their contribution to the continuous preservation and dissemination of national culture.

Acknowledgements: *The article was prepared and funded within the framework of the project "Literary and Art Criticism of Kazakhstan in the Context of the Conceptual Evolution of World Humanitarian Knowledge" (BR21882298).*

Keywords: postfolklore, folklore, internet, zharapazan, transformation, genre.

1. Кіріспе

Фольклорлық шағын жанрлардың интернеттегі өзгерістері қазіргі кезде ерекше маңызға ие және қызықты құбылыс ретінде танылып отыр. Ауыздан ауызға таралатын дәстүрлі фольклор уақыт өте келе технология мен интернеттің дамуы нәтижесінде жаңа үлгілерге көшуде. Киберкеңістік фольклордың сақталуы мен таралуына жаңа жолдар ұсынып, жаңа жанрлар мен формалардың қалыптасуына жағдай жасады.

«Дәстүрлі мәдениет саласындағы өзгерістердің ауқымы әлеуметтік жүйеде орын алған өзгерістермен тікелей байланысты және оның жаңа формаларының пайда болуы әлеуметтік-мәдени жаңашылдықтан туындайды деген ой туындайды. Дегенмен, бұқаралық ақпарат құралдарының қарқынды дамуына қарамастан, дәстүрлі фольклор заманауи мәдениет саласында да белсенді түрде дамып келеді. Бұл арада зерттеушілер тұрмыстық, көше, студенттік, туристік, ішінара батырлық әндерді, ертегіге жатпайтын әртүрлі ауызша әңгімелерді, заманауи ертегілерді, қысқа ертегілерді, ауызша әңгімелерді, анекдоттарды, қауесеттерді, өсек-аяндарды, сондай-ақ, тұрақты сөз орамдары, афоризмдер, нақышты сөздер, жаргондар, қақпа сөздер сияқты күнделікті сөйлеу нормасының маңызды бөлігін атап көрсетіп отыр. Бұған сондай-ақ айтарлықтай өзгертілген «заманауи естеліктер мен әпсаналар (соның ішінде неомифологиялық), қауесет пен өсек сияқты жартылай құрылымды мәтіндер» де жатады» (Салтақова Ж., 2023: 151-158).

Жарапазан – қазақ даласында ислам діні орныққаннан кейін пайда болған тұрмыс-салт жырларының бір түрі. Ол Рамазан айында, ораза кезінде айтылады. Кешкі уақытта ауызашар кезінде өлең айтуға бейім ауыл жастары әр үйдің алдына келіп Жарапазан жырын орындайды. Бұл дәстүр ерсі деп саналмай, керісінше, үй иелері өз мүмкіндіктеріне қарай сыйлық ұсынып, жарапазаншыларды разы етіп шығарып салатын болған. Жарапазан мәтіні уақыт өте жатталып, тұрақты шумақтарға айналған. Мазмұны бойынша оны үш бөлікке бөлуге болады: ең алдымен үй мен үй иесін мадақтау, кейін ислам діні шарттарын насихаттап, имандылыққа үндеу және өсиет айту.

Жарапазан айту барлық мұсылман халықтарына ортақ дәстүр. Алайда ұлтымыз осы жарапазан айту дәстүрін ғасырлар бойы жалғастырып, жоғары деңгейге көтерді деуге негіз бар. Себебі, киберкеңістіктегі таралған жарапазандардың басым көп бөлігі

біздің ұлтқа тән екендігі байқалады. Онда тек қана жарапазанды айтып қана қоймай, оның қалай, қашан айтылу ережелері де егжей-тегжейлі таныстырылады. Мысалы, 1980 жылы ҚХР, Іле обысында түсірілген бейне-баянда ел ақсақалының жарапазанды қалай, қашан айту керектігі жөнінде берген кеңестері көрсетілген. Аталған бейне ғаламтор бетінің ютуб желісінде 30 мыңға жуық қаралыммен кеңінен таралған (<https://www.youtube.com/watch?v=Nssp1QUam8c>). Жарапазан барлық мұсылман халықтарында ортақ дегенімізден олардың барлығы бір сарында, бір тәртіппен айтады деген қорытынды шықпайды. Біз көбінесе қазақ халқының жарапазан айту дәстүрінен ғана хабардармыз. Ал басқа мұсылман халықтардың жарапазан айту үлгісін біле бермейтініміз шындық. Мысалы, өзбек халқының жарапазан айту үлгісі өздерінің ұлттық аспабында, ұйқас пен әуенді бірдей меңгере айтады (<https://www.youtube.com/shorts/gLYO8hSo8vI>).

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу тақырыбына сай, фольклортану ғылымына тән кешенді, жүйелі, салыстырмалы, тарихи тұрғыдан жүйелі талдау, жинақтау, қорыту сынды әдістері қолдана отырып, қарастырылатын мәселені жан-жақты жете зерттеп, қажетті материялдар мен тұжырымдау арқылы тиісті байламдар жасау үшін салыстырмалы-салғастырмалы әдіс-тәсілдер қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Ғаламтор желісінің кең ете алуына байланысты дәстүрлі фольклордың заман талабына бейімделе отырып, постфольклор аясындағы рөлі, қызметі қалай өріс алуда? Әрине, ғалам үздіксіз даму жолында болғандықтан, желі қолданушылар дәстүрлі фольклордағы кейбір шағын жанрлардың мәтіндеріне өз ойынан сөздер қосып, өзгертіп, құбылтып халық арасына таратып жібереді. Нәтижесінде, бұл жаңа мәтіннің де авторы ұмытылып, постфольклордағы жаңа бір көрінісі пайда болады. Осылайша, жаңа мәтін постфольклорға бейімделе отырып, ел арасындағы өзінің рөлі мен қызметін жүзеге асырады.

3. Талқылау

Ғаламтор желісі дамыған бүгінгі қоғамда дәл осы жарапазан жанры өзінің алғашқы қалыптасқан, кең таралған мәтіндерінің негізін сақтай отырып, әр түрлі айтушылардың жеткізуімен айтарлықтай трансформацияға түсіті деуге болады. Бұның себебі, рамазан айы кезінде интернет желісінде таралған әр түрлі жарапазанның мәтіндерін кездесіреміз. Мысалы:

Үйің-үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен,
Саба көркі – бие екен,
Сандық көркі – түйе екен,
Әшекейлеп сырлаған,
Ақ сарайдай үйі бар.

Ақ бөкендей қойы бар,
Қара сақал кермиық,
Қандай байдың үйі екен?
Айтамын жарапазан үйіңізге,
Ұстаған үй айнала шиіңізге
Қой берсең, козы берсең, көпсінбеймін.
Келіпсіз биылғы жыл күйіңізге,
Айтамыз жарапазан үйіңізге,
Туырлық үй айнала шиіңізге.
Осы үйдің шаңырағы шап-шақ екен,
Жеңгеміз осы үйдегі аппақ екен....
Айтамыз жарапазан есіңі,

Қошқардай қос ұл берсін бесігіңе... – деген бұрыннан айтылып, әбден ел арасында кең таралып кеткен осы бір мәтіннің арасына жаңа сөздер қосып немесе алып айтып, жаңаша мәтін қалыптастырып, әлеуметтік желілердің көмегімен халыққа таралып жатыр (<https://abai.kz/post/10203>). Бұл осылай бірнеше рет қайталана келе, әбден тұрақтанған жаңа бір жарапазанның мәтіні болып қалыптасады. Міне, осындай құбылысты фольклор шағын жанрларының постфольклорда трансформациялануының айқын көрінісі деуге болады.

Еліміздің әр өңіріндегі жарапазан айту мәнері әр түрлі болып келеді. Жергілікті өңірлерде қалыптасқан әуендер мен мәтіндер өзара бір-біріне ұқсамайтын жарапазан айтады. Бұған ютуб желісінде кең таралған жарапазан бейне-баяндар дәлел. Әлеуметтік желілерде таралып, ел арасына таралған бұндай жарапазан мәтіндері уақыттың өтуімен жаңашаланып, басқа бір нұсқасымен таралып жатады.

4. Нәтижелер

Постфольклорлық ортада жарапазан тек ауызша мәдениетпен шектелмейді, ол заманауи медиа кеңістігіне енді. Әлеуметтік желілер мен видео платформаларда жарапазанның түрлі заманауи интерпретациялары тарала бастады. Кейбір блогерлер мен шығармашылық топтар жарапазанның заманауи нұсқаларын жасап, көрермендер арасында танымал етіп жүр. Бұл үдеріс оның аудиториясын кеңейтіп, жастар арасында жаңа қызығушылық тудырады.

Жарапазан тәулсіздік кезеңде қоғамда діни бостандықтың оралуына байланысты ел арасында қайтадан көрініс тауып отыр. Ауылдық жерлерде, жолаушылар арасында жарапазан айтушылар әредік-әредік кездесуде, сонымен бірге оны белгілі әншілер де сахнада орындап жүр. Тіпті ұялы байланысқа SMS арқылы жарапазан жолдап, бірлік сұрайтын жарапазаншылар да кездесуі – осы жанрдың жаңа заманға бейімделуге мүмкіндігі бар екендігін танытады. Жарапазан атауын кейбір өңірде жарапазан, жарамазан, жәдит-жарапазан, тіпті «саһар» деп те атайтын болған. Мәселен, Көкшетау облысының шығыс аудандарында саһар айту дәстүрге айналған.

Саһар айтқан балалар,
Елден елді аралар.

Саһаршы бала жатпйды,
Тәтесі жүзік берсе егер,
Саһаршы бала тоқтайды. ...

Мұндай саһар деген сөз сәре (таң сәрі) деген мағынаны білдіреді. Мәселен, ҚХР Шыңжан Тарбағатай өңірінің қазақтары «сәре ішу» дегенді «саһар ішу» деп қолданған. Бұл сөз жайында ғалым Н.Уәли: «Таң сөзімен тіркесе айтылатын сәрі («таң сәрі») – осы сахар сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі. Діни салтқа байланысты сахар, сәре сөзі «таң ертеңгі тамақ» дегенді білдіреді. Ораза тұтқан діндар адамдар сәресін (сахарын) құлқын сәріден ішеді», – деп жазады (Уәли, 2023: 227). Бұл жерде, ауыз бекіткендер саһар кезінде айтылатын жарапазанның түрін «саһар», ал оны айтушыны «саһаршы» деп атау дәстүрінің қалыптасқаны байқалады.

Жарапазаншының табысы туралы Ә.Қоңыратбаев «Ораза айында үлкен айтушылар жарапазан айтып, түйе алса, кішігірім айтушылар үй жағалап, әйелдерден ауыз ашарға құрт, май, ірімшік, сұраған», – деп жазады (Қоңыратбаев, 1991: 60).

Қырғыздар жарапазанды рамазан, түріктер рамазан манисі (жыры) деп атаған. Қазақ пен қырғыз өлеңінде бөлендей айырмашылық байқалмайды:

Рамазан айтып келдім есігіңе,
Құдайым бір ұл берсін бесігіңе.
Кел-кел, балдар, келгелі,
Байға бата бергелі.
Байдың көңілі ашылсын,
Жүзге келіп қарысын.

Түрікмен жарамазанын зерттеген ғалымдар В.М.Беляев, Х.Г.Короглы, Ш.Гуллыев секілді ғалымдар бірауыздан төмендегідей тұжырым жасаған: Әзірбайжан мен түрікмендер наурыз келгенде яремезан, тәжіктер «бойчечак» (бәйшешек) гүлі шыққанда «колядка» айтатын болған. Бұдан жарапазан жанрының көктемде күн мен түннің теңесуімен байланысты табиғаттың жаңару және түлеу мейрамымен бірге пайда болғанын көруге болады.

Жарапазанды ораза айында кейде ел сәресін ішкен елең-алаңда, кейде күндіз, көбінде ауызашардан соң кешкі алагеуімде ораза ұстаушылардың көңілін көтеру, бойын сергіту, уақытын өнегелі насихатпен өрнектеп өткізу мақсатында қыдырма жарапазаншылар айтатын болған. Жарапазан белгілі дәрежеде өнерпаз жандарды табыс табуға ынталандыратын фольклорлық театрдың мәуелі бұтағына айналған кәсіби де өміршең жанр болған деуге толық негіз бар.

Жарапазан және басқа ғұрыптық өлеңдер сияқты жанрлар бүгінде ауылдық дәстүрден шығып, қалалық мәдениетте орын тауып, тіпті сахналық қойылымдарға айналууда. Сонымен қатар, заманауи діни және әлеуметтік іс-шараларда орын алып, жаңа мән-мағынаға ие болады.

Жаһандану үрдісі күшейген заманда ұлттық фольклорымыздың құндылығы мен тәрбиелік маңызын терең зерттеп, бүгінгі күнге жеткен рухани мұрамыздың асыл қазыналарын толықтырып, жүйелеп, саралап, арнайы жариялау – өте күрделі әрі қажетті міндетке айналды. Осы жобаның сәтті жүзеге асуы ұлттық фольклортану саласының бағыттарын нақтылап, қазақ халқының рухани болмысы мен мәдени байлығын эстетикалық тұрғыдан тереңірек тануға жаңа мүмкіндіктер ашты. Қазіргі заманғы тәсілдермен, мысалы, әлеуметтік желілер мен аудиовизуалдық форматтар арқылы қайта жанданған жарапазан жырлары жастардың қызығушылығын арттырады. Бұл үдеріс ұрпақ жадының рухани аспектілерін сақтап, ата-баба дәстүрлерін жаңа пішінде жалғастыруға жағдай жасайды.

Постфольклор ең алдымен, қазіргі заман фольклоры деп аталады. Оған әндер, анекдоттар, аңыздар, ауыздан-ауызға таралған өлеңдер (жарапазан, жар-жар, т.б.) жатады. Олардың арасында ежелгі фольклордың кіші жанрлары да жиі кездеседі. Фольклордың кіші жанрлары ұлттық дәстүрлермен тығыз байланыста болғандықтан, күнделікті өмірмен де тығыз ұштасып жатады. Солардың ішінде жарапазан – маусымдық-күнтізбелік ғұрып фольклорына жататын, түркі халықтары арасында кең таралған көне жанрлардың бірі. Постфольклордағы жарапазан көрінісі оның бастапқы мәнін сақтай отырып, заманауи музыкалық аспаптармен әртүрлі ырғақтар мен мәтіндерде өзгерген. Интернетте таралатын жарапазан туралы ақпараттардың ерекшелігі – олардың әртүрлі жастағы аудиторияға ықпал ете алатындығында. Мәтінмен үйлескен түрлі фотосуреттер, бейнебаяндар мен кескіндер оқырман мен тыңдарманды жалықтырмай, керісінше, өзіне тартып алатын қасиетке ие.

Бүгінгі дамыған ғылымның нәтижесі адамдарды интернет желісімен тығыз байланыстыруда. Интерактивті әлеуметтік кеңістікті қамтамасыз ететін интернет желісі адам өмірінің ажырамас бір бөлігіне айналды десек артық болмас. Әлемдік өріс алған бұл жаңа құралдың фольклор үшін де маңызы зор деп білеміз. Себебі, киберкеңістіктегі таралған фольклорлық шығармалар фольклор зерттеушілері үшін жаңа мүмкіндік пен қолайлылық ала келді деуге болады. Классикалық фольклор үлгісіне қарағанда бұл сандық фольклор өз ортасының динамикасында қызметі ерекше бір жаңа мәдени өріс.

Сандық фольклор фольклордың шағын жанрларының кез келгенін ғаламтор желісінен жылдам табуға мүмкіндік берді. Әсіресе, жаңылтпаш, жарапазан, санамақ сияқты балалардың тілін дұрыстап, ой-өрісін дамытуға арналған парақшалар көптеп ашылған. Оқырманның қызықты әрі жеңіл қабылдауы үшін киберкеңістікте таралған жарапазан мәтіндері қызықты видеолар және түрлі суреттермен берілген.

Постфольклордағы жарапазан халық арасындағы түсінік оның дәстүрлі формаларының қазіргі заманғы медиа және мәдени контексте қалай өзгергенін көрсетеді. Бұл түсінік дәстүрлі жарапазанның жаңа форматтарда қалай бейнеленетінін және халықтың оны қалай қабылдайтынын зерттеуге негізделеді.

Постфольклордағы жарапазан халық арасында дәстүрлі формаларының қазіргі заманғы контексте қалай өзгеріп жатқанын көрсетеді. Жаңа медиа платформалары мен

мәдени өзгерістер арқылы жарапазанның жаңа форматтары мен интерпретациялары пайда болады, бұл оның дәстүрлі маңызын сақтай отырып, жаңа аудиторияларға қолжетімділігін арттырады. Халықтың жаңа медиа контексте жарапазанға деген түсінігі мен қабылдауы оның мәдениеттегі орны мен маңызын қалай өзгертіп жатқанын көрсетеді.

Киберкеңістіктегі таралаған жарапазан туралы ақпараттардың айрықшалығы оқырманның жасына қарамастан, түрлі деңгейде әсер ете алатыны. Онда айтылып жатқан мәтінге сәйкестендірілген түрлі фото-суреттер, бейне-баяндар, әр түрлі бояудағы кескіндер бәрі үйлесе келіп, тыңдарманын немесе оқырманын ешқашан жалықтырмайды, керісінше барынша өзіне баурап алатын ерекшелікке ие. Мысалы, ютуб желісіндегі «Жарапазан айту дәстүрі қайдан шыққан?» деген тақырыппен берілген бейне-баянда Жарапазанның шығу тарихын, қай мұсылман халықтарда кеңінен таралғанын жан-жақтылы түсіндіре келіп, соңын әдемі бір жарапазан әнімен аяқтайды. Осы барыста айтылып жатқан сөздермен берілген көріністер өте керемет үйлесім тауып отырған. Әрине, дәстүрлі түсіндіруден гөрі әсері молырақ болады деп ойлаймыз (<https://www.youtube.com/watch?v=grRB-KnNc6M>).

Ғаламтор желісіндегі түрлі әлеуметтік желілерде жарапазан туралы айтылған деректер, сонымен бірге жерлілікті ерекшеліктерге байланысты қалыптасқан жарапазаның әр түрлі мәтіндері мен әуендер, сондай-ақ жарапазанның адамдар арасында қандай қызмет атқаратыны жайлы түсініктер молынан берілген. адамдар пейілінің әр қашанда кең болып, өзара қолғабыс тигізіп, ынтымақты, берекелі өмір сүрудің негіздерінің бірі екені жөнінде айтылады (<https://www.youtube.com/watch?v=hWRhZ1VDKLk>).

Сандық фольклордың қалыптасып, дамуының негізінде жарапазан жанры ер арасына кеңінен таралып, жас ұрпақтың санасына терең сіңіре түсуге таптырмас мүмкіндіктер туды деуге әбден болады.

Жалпы, жарамазанның әу бастағы қызметі мен мәні – шаңырақ иелеріне құт-ырыздықты әсерлі ақ тілек, әдемі алғыс-бата арқылы шақыру, олардан жұт-қырсықты қаһарлы сөз сиқырымен қуып аластау мақсатында жасалатын магиялық шаралар кешенінен туындағаны анық болып отыр. Сол себептен де оның мәтінінде алғыс пен қарғыс жиі кездеседі. Мәселен, «Кіріс дәулет, шықсын бейнет», «Бай үйіне берекет, қаша берсін бәлекет», «Кіріс дәулет есіктен, шықсын бейнет тесіктен», «Келгенде қайыр-зекет бере алмасаң, жібермес ақыретте менің назам», «Асырсын-ау, асырсын, жамандығын жасырсын, осы үйге қастық қылған адамды, қара таспен бастырсын!» т.с.с. Түрікмен үлгісінде де алғыс-қарғыс қатар қолданылады: Қараша күржең үй болсын, Үйіңізде той болсын. Көп бергенге ұл тусын Аз бергенге қыз тусын. Арап-парсы елінде жарамазан жыры жоқ, ал оның түрік тектес көптеген халықтарда ортақ болуының бір сыры – осы ежелгі жанрдың исламға дейінгі мәдениетте ел өмірінде әбден белгілі болғандығының дәлелі секілді. Бұл жайында М.Әуезов «...қазақ жарамазандарының көбін алсақ ... күшті сопылық, өрескел тақуалықты айтып, өзге жұрттың дін өлеңі сияқты үнемі сәжде, үнемі дұға, ұдайы күнакер болуды айтып,

көп тәубаменжалбарына беретін сөздер жоқ деуге болады. Бұл жағынан қарағанда қазақтың көп жарамазаны баяғы ақы сұрап айтатын мақтау өлеңдеріне жақын келеді» (Әуезов М., 2014: 45) деп жазады. Өткенмен қазіргі жарапазан исламның шартына толық бейімделген күйде дін салтының жыры болып өмір сүріп отыр деуге болады.

Жарапазанның жаңа медиа контексте қалай өзгеретіні дәстүрлі жанрдың қазіргі заманғы технологиялар мен мәдениеттермен қалай үйлесетінін көрсетеді. Визуалды жаңартулар, музыкалық өңдеулер, интерактивтілік пен әлеуметтік әсерлер арқылы жарапазан жаңа форматтарда ұсынылып, кең аудиторияға жетеді. Бұл процесстер дәстүрлі жарапазанның түпнұсқалық мәнін сақтай отырып, оның мәдени және әлеуметтік рөлін жаңартады. Қазіргі уақытта жарапазанның орындаулары мен мәтіндері интернет арқылы кеңінен таралуда. Әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларда жарапазанның бейнелері, аудиозаписары және видеолары жиі кездеседі. Бұл жарапазанның халық арасында кеңінен танымал болуына, сондай-ақ оның жаңа аудиторияларға жетуіне ықпал етті.

Постфольклорлық жарапазан басқа халықтық дәстүрлермен, мәдениеттермен және музыкалық жанрлармен араласқан. Мысалы, жарапазанның элементтері заманауи поп-музыка немесе этно-музыкамен қосылып, жаңа формада орындалады. Заманауи қоғамның әлеуметтік және мәдени өзгерістеріне байланысты жарапазанның мазмұны мен тақырыптары да өзгеруі мүмкін. Бұл жанр қазіргі қоғамның мәселелерін, әлеуметтік қозғалыстарды және заманауи діни өмірді көрсету үшін пайдаланылуы мүмкін. Жарапазанның постфольклорлық зерттеулері мен оның заманауи интерпретациялары туралы ғылыми жұмыстар мен зерттеулер жүргізілуде. Бұл ғылыми зерттеулер жарапазанның мәдени мәнін түсінуге және оның қазіргі қоғамдағы рөлін бағалауға көмектеседі.

Постфольклор кезеңінде жарапазанның музыкалық құрылымы мен орындау тәсілдері өзгерске ұшырауы мүмкін. Мысалы, жарапазанның дәстүрлі орындалуында қолданылатын аспаптар мен орындау стильдері қазіргі заманғы музыкалық элементтермен, электронды музыкамен немесе басқа жанрлармен біріктірілуі ықтимал. Мәселен, «Алатау серілерінің» орындауындағы заманауи үлгідегі жарапазанды айтсақ болады (https://www.youtube.com/watch?v=nTX_bu7oUK0). Бұл өз кезегінде жаңа тыңдаушыларды тартуға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда Denysiuk Zh. Z. «Постфольклор, дәстүрлі жасау және тарату принциптерін өзгерте отырып, классикалық фольклор зерттеулері тұрғысынан фольклордың мәдени мысалдарына толығымен жатпайды. Постфольклорлық шығармалар медиа-коммуникацияны пайдаланып коммуникациялық ортада жасалып, мәдениеттің мозаикалық әлеуметтік-мәдени шындығын, соның ішінде нақты идеялар, құндылықтар және идеалдар – мәдениеттің аксиосферасын органикалық түрде көрсете алады. Олар әлеуметтік-мәдени фактілерді түсінуде тұрақтандырушы рөл атқарады» (Denysiuk Zh. 54-69) деген ой айтады. Жарапазанның постфольклорлық көрінісі оның әлеуметтік және мәдени контексте қалай бейнеленетініне байланысты. Дәстүрлі жарапазанның діни және мәдени мағынасы заманауи қоғамда қайта қарастырылып, оның жаңа мәні мен

рөлі анықталуы мүмкін. Жаңа әлеуметтік мәселелер мен құндылықтарға байланысты жарапазан жаңартылып, жаңа формада ұсынылады.

Постфольклорлық зерттеулер жарапазанның тарихи дамуын, оның қоғамдағы рөлін және мәдени өзгерістермен байланысты қалай эволюцияға ұшырағанын қарастырады. Бұл зерттеулер жарапазанның дәстүрлі формалары мен жаңа формалары арасындағы байланысты, сондай-ақ мәдениеттегі өзгерістердің әсерін зерттейді.

Шетел ғалымдарының постфольклорды зерттеуге арналған еңбектері қазіргі мәдениетте фольклорлық элементтердің қалай жаңартылып, қайта интерпретацияланатынын қарастырады. Мәселен, Kaminskaya E.A.: «Интернет коммуникациясының кең ауқымды ықпалы, оның даму динамикасы мен тұрақты технологиялық жаңалықтарымен бірге, ұзақ уақыттан бері зерттеу тақырыбына айналды. Интернет ортасы ақпараттық-коммуникациялық және техникалық компоненттердің социомәдени құрамдас бөлігімен бірігуін білдіреді, ол ақпараттық қоғамның және оның дамуының символы болып табылады – әлемдік глобализация процесінің негізгі факторы мен сөйлеушісі. Пост-индустриалды қоғам ұғымымен қатар, «глобалдық ауыл», «сандық қоғам», «желілік қоғам» және басқа да желілік коммуникациямен анықталатын ұғымдар пайда болды» деген тұжырым жасайды (Kaminskaya E.A., 2015: 77.).

Дей тұрғанымен, қазіргі замандағы өнерпаздар мен орындаушылар жарапазанның классикалық формаларын жаңа және инновациялық тәсілдермен қайта өңдеуі мүмкін. Бұл дәстүрлі өнер түрінің жаңа эстетикаға, стильдерге немесе формаларға бейімделуіне мүмкіндік береді. Демек, жарапазанның постфольклорлық көрінісі оның дәстүрлі элементтерінің заманауи мәдениетпен үйлесуі, жаңа медиа мен музыкалық трендтермен бірігуі арқылы жаңа өмірге енуін көрсетеді. Мәселен, сөзіміздің дәлелі ретінде мына көрсетілген сілтеме арқылы жарапазанның музыкалық аспаптармен сүйемелдеген жаңа үлгісін көруге болады (https://www.youtube.com/watch?v=_Cj9_Neq-wE).

Ютуб әлеуметтік желісінде жарапазан жанрына арналған бейне-баяндар өте көп. Назар аударып тыңдасаңыз, барлық жарапазанның басы бірдей болып басталып келеді де, әрі қарай түрліше болып кетеді. Қазіргі таңда жарапазанның әуендері де әр түрлі болып келеді. Жарапазан айтушыларды арнайы шақыратын ауызашар отырыстарында, шақырылған өнерпаздарға сол отырыстағы кейбір маңызды адамдардың атын атап, арнайы өлеңге қосып кетуі тапсырылады. Бұндай жағдайда жаңа тіркестер, жаңа жолдар қосылып, ютуб желісіне жүктелген бұл мәтін сол қалпында барша көрерменге таралады. Міне, дәл сол таралған сәттен бастап, жарапазанның жаңа мәтіні дүниеге келеді. Дәл осы осияқты жалғастырыла отырып, жарапазан жаңа түс алады.

Интернеттің таралуымен көптеген шағын жанрлар жаңа шындыққа бейімделді: құрамын өзгертеді немесе визуализацияланды. Бұрынғы жанрлардың негізінде жаңалары пайда болады. Мысалы, қазіргі ғаламторда айтылып жүрген жарапазандарды дені ежелден айтылып келе жатқан мәтіндердің негізінде қалыптасты. Оған жоғарыда мысалдар келтірілді.

Қазіргі заманда жарапазан постфольклорлық сипат алып, кейбір элементтері жаңа заманға сай түрленді. Бұрынғыдай ауыл аралау орнына, жарапазан қазір мәдени іс-шараларда немесе әлеуметтік желілерде орындалады. Жарапазан мәтіндерінде қазіргі қоғамның әлеуметтік және мәдени мәселелері көрініс табады. Сонымен қатар, оны орындаушылар өлеңдерді интернет немесе SMS арқылы да тарата алады. Мысалы, қолжазба нұсқадағы дәстүрлі жарапазанда:

Алып шық, алып шық,
Дәу табаққа салып шық.
Салатының болмаса,
Бес жүз теңге алып шық

SMS арқылы таралған нұсқада:

Алып шық, алып шық,
Каспий голдқа салып шық.
Каспий голдқа сыймаса,
Народный алып шық.
<https://www.facebook.com/100077208648328/posts/167817584689770/>

Өзінің ежелгі дәстүрін сақтай отырып, жарапазан бүгінгі заманның жаңа технологияларына бейімделген, және заманауи қоғамда да өзекті болып қала береді. Қалалық орта мен жаһанданудың әсерінде дәстүрлі фольклор көбінесе ауылдық ортада және этникалық қауымдастықтарда дамыған. Постфольклор, керісінше, қалалық ортада және мәдениеттердің араласуы нәтижесінде пайда болды. Қала өмірінің ритмі, ақпараттың жылдам таралуы және жаңа технологиялар мәдениеттің жедел өзгеруіне алып келді, осы өзгерістер фольклордың жаңа түрлерін қалыптастырды. Бұл құбылысты қазіргі заманғы қазақ қалаларында да байқауға болады.

Ғаламтордағы жарапазанның трансформациясы туралы зерттеулер дәстүрлі діни жырлардың заманауи мәдениет пен технологияға бейімделуін зерттейді. Жарапазанның тарихи мәні мен құрылымы негізінен рамазан айында ораза ұстағандарды рухани қолдауға арналған, бірақ интернет пен әлеуметтік желілердің дамуы оның жаңа түрлерінің пайда болуына алып келді.

Мәселен, постфольклорға жататын интернет-мемдер көбінесе белгілі бір мәдени топтардың құндылықтарын немесе әлеуметтік сынын көрсету үшін қолданылады. Мысалы әлеуметтік желілерде әзілге құрылған жарапазандар да жиі кездеседі:

Айтамыз жарапазан сотқаңызға,
Бұрыңғы байлар өткен соткасызда!
Ораза қабыл болсын қасиетті,
500 бірлік салыңызшы соткамызға.

Айтамын жарапазан өңіріңе,
Өмір қаяу салмасын көңіліңе.
Жарапазан айтқанға сыйлық берген,
Баяғы бабалардың жолы міне.
Қолма-қол сыйлық алар мүмкіндік жоқ,
Единица сала сал нөмеріме! (https://vk.com/wall262295742_247)

Жаһандану үрдісіне ілесе отырып жаңаратын мәдениеттер легі өзінің әуелгі қалпынан ауытқып, өзгеріп, басқаша түс алып кетуі әбден мүмкін. Постфлордағы жанрлардың трансформациясы кейбір теріс нәтижелерімен өріс алып кетеді. Бұл түпкі қалырты сақтауда назар аударатын түйткілді мәселе деп қарастыру керек. Осы мәселе бойынша түрік ғалымы Nihangül Daştan: «Соңғы жылдары жаһандану ұғымына қатысты дискурстарда ерекше назар аударылған мәселелердің бірі – технологиялық салада үстемдік ететін мәдениеттер өздерінің құралдары арқылы үстем мәдениетке айналып, әлемдегі мәдени мозаиканы әрлендіретін басқа мәдениеттерді жойылу қаупіне тікелей апаратыны туралы ой. Бұл мәселеге алаңдаушылық білдіретін ұлттық және халықаралық ұйымдар мәдени әртүрлілікті қорғау және мәдени сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында кейбір бастамаларды қолға алып, осы мәселеге байланысты халық арасында түсінік қалыптастыруға тырысқаны байқалады. Халық мәдениетін зерттеу саласы ретінде анықтаған фольклор саласында мәдени элементтерді сақтау, қайта жандандыру, жеткізу және қайта жасау арқылы күнделікті өмірде тәжірибеге айналдыру тұрғысынан жаңа көзқарас пайда болды. Фольклорды қолданбалы фольклор ұғымы ретінде әдебиетке енгізген бұл әдіс оны тек мәтіндерді жинау, мұрағаттау және талдау әдісінен өзгеше бағытқа бұрып, тәжірибе өлшеміне жеткізді. Осылайша, фольклор жаһандануға қарсы мәдениеттерді қорғауды қолдаумен қатар, әлеуметтік өмірде кездесетін кейбір мәселелерді шешуде өзінің білімін тәжірибеге айналдыра алатын жаңа қолданбалы саланы құрайды. Бұл зерттеу қолданбалы фольклор ұстанымының пайда болуына жол ашқан дамуларға, оның пайда болу жағдайларына, оған атау берілгеннен кейінгі пікірталастарға, осы пікірталастар нәтижесінде алға қойылған қарама-қарсы ұғымдарға, терминді анықтау әрекеттеріне, фольклорды қолдануға болатын салаларға және Түркиядағы қолданбалы фольклорға қатысты жұмыстарға назар аударады. Қысқаша айтқанда, бұл зерттеуде қолданбалы фольклордың пайда болуы, дамуы және қазіргі жағдайы түсіндірілмек» (Nihangül Daştan, 2022: 346-375), – дейді.

Әлеуметтік желілердегі жарапазандарды қазіргі заманның мәдени нормалары мен трендтеріне сәйкес бейімделіп, таралады. Оның постфольклордағы басты ерекшеліктерін төмендегідей бөліп қарастыруға болады:

1. **Динамикалық:** Интернеттің, әсіресе әлеуметтік желілердің арқасында жарапазан тез таралып, әртүрлі формаларда қайта өңделеді.

2. **Көпқырлы:** Ол мультимедиялық (мәтін, бейне, сурет) формада бола алады, ал дәстүрлі фольклор әдетте ауызша түрде берілген.

3. **Анонимдік:** Жарапазан көп жағдайда авторсыз, яғни кімнің шығарғаны белгісіз, бірақ халық арасында тез тарап, өзгеріп отырады.

4. **Күлкілілік пен ирония:** Көп жағдайда юмор мен сатираға негізделген. Бұл элемент оны заманауи контексте танымал етеді.

Жарапазан жанры интернет пен медиа арқылы кеңінен таралып, жаңа формада таралуда. Бұл дәстүрлі фольклор элементтерінің цифрлық кеңістікте жаңаша дамуы мен өзгеруін көрсетеді. Бұл – постфольклордағы трансформация. Яғни, жарапазанның дәстүрлі элементтерінің қазіргі заман жағдайында жаңа формаға енуі, мазмұны мен мәнін өзгертіп, заманауи мәдениетпен үйлесуі. Бұл үдеріс фольклордың тірі екендігін және қоғамның дамуына қарай өзгеретінін көрсетеді.

Қазіргі кезеңде жарапазан постфольклорда айтарлықтай өзгерді. Жаңа орындаушылар өз заманының мәселелерін қозғап, қазіргі қоғамдағы құбылыстарды жырлайды. Дәстүрлі жарапазанархаикалықтілмен, көне қазақ тілінің ерекшеліктерімен айтылған болса, постфольклорлық жарапазан қазіргі қазақ тілі мен оның қарапайым, күнделікті сөйлеу түріне бейімделеді. Осылайша, мәтіндер қазіргі заманның тілдік ерекшеліктеріне сәйкес өзгеріп отыр. Сонымен бірге постфольклорда дәстүрлі жарапазанның орындау тәсілдері заманауи музыкалық жанрлармен араласып, жаңа аранжировкаға ие болды. Жарапазанның әуендері қазіргі заманғы музыкалық аспаптармен орындалып, поп, рэп, электронды музыка стилінде өңделген. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің діни фольклор элементі болған жарапазанның цифрлық ортада кеңінен таралуымен бірге, жарапазан сияқты халықтық жанрлар да жаңа формаға бейімделіп, қазіргі заман талабына сай өзгерістерге ұшырады. Мысалы (көрсетілген сілтеме арқылы өтіңіз <https://www.youtube.com/watch?v=YerOJ7PiZpM>).

Жарапазан жанрының киберкеңістіктегі таралуы – бұл дәстүрлі қазақ фольклорының заманауи цифрлық ортада жаңғыруы мен бейімделуі болып табылады. Цифрлық технологиялар мен интернеттің дамуы арқасында жарапазан жанры жаңа платформаларда кең таралу мүмкіндігіне ие болды. Жоғарыда келтірілген зерттеушілердің тұжырымдары мен мысалдарды негізге ала отырып, постфольклордағы жарапазанның негізгі аспектілерін қарастырамыз:

1. *Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер.* Жарапазан мәтіндері мен діни әндер Рамазан айында әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, TikTok) және мессенджерлерде (WhatsApp, Telegram) жиі таратылады. Бұл қолданушылардың онлайн түрде тыңдауына мүмкіндік береді. Видеолар мен дыбыс жазбалары арқылы жарапазанның дәстүрлі нұсқалары да, олардың заманауи түрлері де интернет кеңістігінде танымал болады.

2. *YouTube және бейнеқызметтер.* YouTube секілді бейнеплатформаларда жарапазан жанрына арналған видеолар, қойылымдары жарияланып, көпшілікке қолжетімді болады. Көптеген орындаушылар мен топтар өздерінің жарапазандық қойылымдарын осы платформалар арқылы ұсынады, бұл жанрды жаңғыртып, кең аудиторияға жеткізеді.

3. *Мемдер және интернет-контент.* Цифрлық ортада жарапазан жанрының элементтері жеңіл әрі ойын-сауықтық түрде де көрініс табады. Діни мерекелер

кезінде (рамазан айы) жарапазандық сарындарға негізделген интернет-мемдер мен әзілдер таратылады, бұл жастар арасында жанрды танымал етіп, мәдениет пен дінге деген қызығушылықты арттырады.

4. *Қашықтан білім беру платформалары.* Жарапазан жанрын қашықтан оқыту жүйелері арқылы тарату да маңызды рөл атқарады. Онлайн курстар, вебинарлар мен дәрістер арқылы фольклорлық мұра туралы білім беріледі, бұл жанрды жаңа форматта үйренуге мүмкіндік жасайды.

Жарапазанның киберкеңістікте таралуы оның тек сақтау ғана емес, сонымен қатар заманауи аудиторияға жаңаша жолмен жеткізілуіне жағдай жасайды. Бұл қазақ халқының мәдени және діни мұраларын сақтауға әрі насихаттауға мүмкіндік береді..

5. Қорытынды

Жарапазан – ежелден келе жатқан халықтық жанр, ол исламға дейінгі мәдениеттен тамыр алып, кейін дін салтымен үндесе отырып дамыған. Бастапқыда магиялық мақсатта – береке тілеу, жамандықтан қорғау үшін қолданылған бұл өлеңдерде алғыс пен қарғыс қатар жүріп отырған. Уақыт өте келе, бұл жанр өзінің бастапқы формасынан алшақтап, қазіргі технологиялар мен мәдени өзгерістер әсерінен постфольклорлық сипат алды. Жаһандану процесі мен технологияның ықпалымен жарапазан жаңа медиада – әлеуметтік желілерде, онлайн платформаларда кеңінен таралып, визуалды және музыкалық жаңартулармен толықты. Ол қазіргі аудиторияға бейімделіп, жаңа формада орындалып жүр. Бұл өзгерістер дәстүрлі мәдениеттің жоғалу қаупін туғызғанымен, жарапазанның кейбір түпкі мағынасын сақтай отырып, оны жаңаша өмірге бейімдеуге мүмкіндік беріп отыр. Фольклорды тәжірибеге негіздеген қолданбалы фольклор ұғымы жарапазанды тек мұра ретінде емес, қазіргі қоғамдағы мәдени әрі әлеуметтік мәселелерді көрсету құралы ретінде қарастыруға жол ашты. Осылайша, жарапазан тек дәстүрдің жалғасы емес, сонымен қатар қазіргі мәдениет пен қоғамның дамуына бейімделген жаңа бағыттағы жанрға айналууда.

Әдебиеттер:

1. Салтакова Ж. Постфольклор: аңыздық прозаның киберкеңістікте таралуы // «Керуен». – 80 (3). – 2023. – Б.151-159. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-13>
2. <https://www.youtube.com/watch?v=Nssp1QUam8c>
3. <https://www.youtube.com/shorts/glYO8hSo8vI>
4. <https://abai.kz/post/10203>
5. Уәли Н. Фразеология және тілдік норма // «Таң-шолпан» әдеби-көркем, көпшілік журналы. – №6. – 2023. – Б. 227.
6. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, – 1991. – 60 б.
7. <https://www.youtube.com/watch?v=grRB-KnNc6M>
8. <https://www.youtube.com/watch?v=hWRhZ1VDKLk>
9. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: Жібек жолы. – 2014. – 456 б.
10. https://www.youtube.com/watch?v=nTX_bu7oUK0
11. Denysiuk Zh. Z. Post-folklore as a phenomenon of communicative internet practices // «Cultural and Arts Studies Of national Academy Of Culture and Arts management». – 2020. – No. 4. – P. 54-69. DOI <https://doi.org/10.36059/978-966-397-157-5/54-69>

12. Kaminskaya E.A. Cultural environment of the modern folklore culture existence. // Etnosotsyum. – 2020. – No. 9 (87). Etnosotsyum. – P. 77.
13. https://www.youtube.com/watch?v=_Cj9_Heq-wE
14. <https://www.facebook.com/100077208648328/posts/167817584689770/>
15. https://vk.com/wall262295742_247
16. Nihangül Daştan. Applied Folklore from Past to Present // Mavi Atlas. – 2022. – No. 10(2). – P. 346-375. DOI:10.18795/gumusmaviatlas.1095562
17. <https://www.youtube.com/watch?v=YerOJ7PiZpM>

References:

1. Auezov M. (2014). Collection of works. Almaty: «Zhibek zholy». – p. 45. (in Kaz)
2. Denysiuk Zh. Z. (2020). Post-folklore as a phenomenon of communicative internet practices. «Cultural and Arts Studies Of national Academy Of Culture and Arts management». No. 4. – P. 54-69. DOI <https://doi.org/10.36059/978-966-397-157-5/54-69> (in Eng)
3. <https://www.youtube.com/watch?v=NssplQUam8c> (in Kaz)
4. <https://www.youtube.com/shorts/gLYO8hSo8vI> (in Kaz)
5. <https://abai.kz/post/10203> (in Kaz)
6. <https://www.youtube.com/watch?v=grRB-KnNc6M> (in Kaz)
7. <https://www.youtube.com/watch?v=hWRhZ1VDKLk> (in Kaz)
8. https://www.youtube.com/watch?v=nTX_bu7oUK0 (in Kaz)
9. https://www.youtube.com/watch?v=_Cj9_Heq-wE (in Kaz)
10. <https://www.facebook.com/100077208648328/posts/167817584689770/> (in Kaz)
11. https://vk.com/wall262295742_247 (in Kaz)
12. <https://www.youtube.com/watch?v=YerOJ7PiZpM> (in Kaz)
13. Konyratbayev A. (1991). History of kazakh folklore. Almaty: Ana tili. – p. 60. (in Kaz)
14. Nihangül Daştan. (2022). Applied Folklore from Past to Present. October. Mavi Atlas. Vol. 10 (2) DOI:10.18795/gumusmaviatlas.1095562. – P. 346-375. (in Eng)
15. Saltakova Zh. (2023). Post-folklore: the spread of legends in cyberspace. Journal «Keruen», Vol 80(3). – P. 151-159. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3> (in Kaz)
16. Uali N. (2023). Phraseology and language norm. «Tan-sholpan». No6. – P. 227. (in Kaz)
17. Kaminskaya E.A. (2015). Cultural environment of the modern folklore culture existence. Etnosotsyum. Vol. 9(87). – P. 77. (in Russ)